

2023/2024-ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ 9-СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН

Өзбекстан тарихы

ПӘНИНЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯНЫ
ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР МЕН МАТЕРИАЛДАР



2023-2024-ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ЕМТИХАНЫН ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӨЗБЕКСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Құрастырушы: «Өзбекстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектеп білімі министрлігі құзырындағы мамандандырылған білім беру мекемелері агенттігінің жүйесіндегі Ал-Хорезми атындағы мамандандырылған мектеп» Тарих пәні оқытушысы **Абдужалилова Нигора Абдусаттаровна**

Эксперт: Жоғары дәрежелі тарих және құқық негіздері пәні мұғалімі Дехқонов Ғайрат Рузматович.

9-сыныпты бітірген оқушылар Өзбекстан тарихы пәнінен білім беру бағдарламасы бойынша белгілі дәрежедегі құзіреттіліктерге ие болады.

Оқушылардың алған білім, дағды және іскерліктерін анықтау үшін 2023–2024-оқу жылында 9-сыныптарда қорытынды емтихан жазба және ауызекі формада өткізіледі.

Әрбір емтихан билетінің сұрақтары мен тапсырмалары Өзбекстан тарихы пәні бойынша жалпы білім беретін мектептердің 6-7-8-9-сыныптары тақырыптарын қамтып алған. Сонымен қатар нұсқаулықта білуге тиісті сұрақтар, қолдануға және ойлауға тиісті тапсырмалар бойынша бағалау критериялары көрсетілген.

Әр оқушы бір билетті таңдайды. Оқушыға билетте 5 сұрақ қойылады. Сұрақтардың 2-уі білуге, 2-уі қолдануға, 1-уі пайымдауға қатысты болады. Пайымдауға байланысты сұраққа ауызша жауап беріледі. Оқушыға билет сұрақтарына жауап беруге 120 минут беріледі.

100 балдық жүйе бойынша оқушылардың жазбаша және ауызша жұмыстары:

0 - 29% - «қанағаттанарсыз»;

30-65% - «қанағаттанарлық»;

66–85% – «жақсы»;

86–100% – «өте жақсы» деген бағалармен бағаланады.

Әрбір тапсырма бойынша көрсетілген балдан жоғары балл қойылуға жол берілмейді.

Берілген тапсырмалардан қорытынды мемлекеттік аттестация өткізу күнінен бір күн алдын Жұмыс тобы тарапынан жеребе арқылы 2 вариант құрастырылады және жарияланады.

Өзбекстан тарихы	Саны	Білу	Қолдану	Пайымдау
Ежелгі дүние тарихындағы Орталық Азия.		1		
Орта ғасырлар тарихы IV ғасырдан XVI ғасырға дейін.		1		

«Үш хандық кезеңі» XVI ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейін.			1	
XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына дейін.			1	1
Барлығы	5	2	2	1

ТАПСЫРМА БОЙЫНША БАҒАЛАУ КРИТЕРИЯЛАРЫ

№	Бөлім атауы		Тапсырма түрі	Тапсырма формасы	Бағалау критериясы						
Ежелгі дүние тарихындағы Орталық Азия.											
1.	Ежелгі Шығыс және Орта Азия. Б.з.д. VI – зам. III ғасырларда Орта Азия	Б	Қысқа жауапты	Жауап: _____ _____	Сұрақтың жауабы жазылады, дұрыс жауап 18 балмен бағаланады. Дұрыс емес жауапқа 0 балл қойылады.						
Орта ғасырлар тарихы. IV ғасырдан XVI ғасырға дейін.											
2.	Араб халифаты кезіндегі Мовароуннахр. Мовароуннахрдағы тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы. Бабаларымыздың ғылыми мұрасы – әдебиетке қатысты рухани қазына. Әмір Темір дәуірінің тарихы.	Б	Қысқа жауапты	Жауап: _____ _____	Сұрақтың жауабы жазылады, дұрыс жауап 18 балмен бағаланады. Дұрыс емес жауапқа 0 балл қойылады.						
«Үш хандық кезеңі». XVI ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейін.											
3.	XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басындағы Мовароуннахр мен Хорасандағы саяси жағдай. Бұхара хандығы және Бұхара әмірлігі.	Қ	Кестелі тест	Сәйкестікті анықтау <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <tr> <td>1)</td> <td>2)</td> <td>3)</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	1)	2)	3)				Кесте түріндегі тапсырмада әр сұраққа оның жауабы сәйкес келуі керек. 3-4 сұрақ және 3-4-тен астам жауап нұсқасы беріледі. 1 сұрақтың бірнеше жауабы болуы мүмкін. Сәйкестіктің барлығына
1)	2)	3)									

	Хиуа хандығы. XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қоқан хандығы.				дұрыс жауаптар үшін 21 балл беріледі. 3-еулік сұрақтарда 1 дұрыс жауапқа 7 балл , 4-еулік сұрақтарда 1 дұрыс жауап үшін 5,25 балл және барлық қате жауаптар үшін 0 балл беріледі.
--	--	--	--	--	---

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына дейін.

4.	XIX ғасырдың ортасындағы Өзбек хандықтарының саяси, экономикалық және мәдени өмірі. Ресей империясының Орта Азияны жаулап алуы. Ресей империясының Түркістан отарлау саясаты.	Қ	Карта	Картада белгіленген аймақ	Картада белгіленген аймақты анықтау тапсырмасын орындаса – 21 балл . Аймақ анықталып, бірақ тапсырма орындалмаса – 10 балл . Дұрыс емес жауапқа 0 балл қойылады.
5.	XIX ғасырдың аяғындағы Түркістандағы ұлт- азаттық қозғалыстар. XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басында Қарақалпақтар. Жәдидшілік қозғалысы және оның Түркістанның қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі маңызы. Түркістан және бірінші дүниежүзілік соғыс.	II	Тарихи оқиға туралы өз бетінше пікір білдіру	Ауызша	- Жылы мен санасын білсе - 3 балл ; - Сұрақтың мәнін, оған байланысты мәселелерді түсініп, үдерісті бүгінгі күнмен байланыстыра алса – 5 балл ; - картамен жұмыс істей алса – 4 балл ; - тақырыпқа сыни және аналитикалық баға бере алса – 5 балл ; - емтихан алушы тарапынан берілген тақырыпқа байланысты қосымша сұрақтарға жауап бере алса – 5 балл 22 балл

<p>ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басындағы Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығы. Отаршылдық жағдайдағы Түркістанның мәдени өмірі.</p>				
---	--	--	--	--

**2023-2024-ОҚУ ЖЫЛЫ ҮШІН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ
9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ӨЗБЕКСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ.**

1- сұрақ БІЛУ (18 балл) 6- сынып Ежелгі дүние тарихы.

1. Б.з.д. VII-VI ғасырларда Өзбекстан мен көрші аймақтарда қандай тайпалар өмір сүрген? (Білу – 18 балл)

Ж:

2. Орта Азия территориясында б.з.д. VII ғасырда қандай ежелгі мемлекеттер құрылған? (Білу – 18 балл)

Ж:

3. «Пайғамбар» сөзі қандай мағынаны білдіреді? (Білу – 18 балл)

Ж:

4. Бүгін күнде бізге зороастризмнің қасиетті кітабы «Авеста» мәтіндерімен танысуға мүмкіндік берген кім? (Білу – 18 балл)

Ж:

5. Зардуштиліктің ең қадірленген құдайлары қайсылар? (Білу – 18 балл)

Ж:

6. Зардуштилер өмірінің негізгі мағынасы неден тұрады? (Білу – 18 балл)

Ж:

7. Дарий I билігінің бірінші жылында қай жерде және кімнің басшылығымен ірі халық көтерілісі болды? (Білу – 18 балл)

Ж:

8. Орта Азия жерлерін жаулап алу үшін Александр үш жылға жуық талпыныс жасап, қай аймақтарды өзіне бағындыра алды.? (Білу – 18 балл)

Ж:

9. Кушан мемлекетіне қашан және кім негіз салған? (Білу – 18 балл)

Ж:

10. Ұлы Жібек жолының ұзындығы 12 мың шақырымға дейін болып, ол қай аймақтарға дейін барған? (Білу -18 балл)

Ж:

2- сұрақ БІЛУ (18 балл) 7- сынып Өзбекстан тарихы.

1. Мовароуннахр сөзінің мағынасы қандай? (Білу – 18 балл)

Ж:

2. VIII ғасырдың басында Мовароуннахрды арабтардың басып алуында әскери жорыққа кім басшылық жасаған. (Білу – 18 балл)

Ж:

3. Араб халифаты тарапынан басып алынған аумақтарда қандай салықтар енгізілді? (Білу – 18 балл)

Ж:

4. «Ақ киімділер» көтерілісі қай жылдары, кімнің басшылығымен көтерілді? (Білу – 18 балл)

Ж:

5. Кім 900 жылы бүкіл Моваруннахр мен Хорасанды өз қол астына біріктіріп, Бұхара қаласын осы екі елдің астанасы еткен? (Білу – 18 балл)

Ж:

6. Неліктен Хорезмшах Сұлтан Алауддин Мұхаммедке «Искандари Сони» деген ат берілді? (Білу – 18 балл)

Ж:

7. Кімнің өтінішіне орай: «Не Отан, не абыройлы өлім!» деген ұраны астында әрбір махалла, мөлтек аудан, мешіт, медресе, әрбір көше, әрбір үй нағыз ұрыс алаңына айналады? (Білу -18 балл)

Ж:

8. Шағатай ұлысының қарамағына қай жерлер енген? (Білу -18 балл)

Ж:

9. IX-XII ғасырларда кімдер ғылымнің өркендеуіне үлкен үлес қосқан? (Білу – 18 балл)

Ж:

10. Тарихта «Лай шайқасы» деген атпен белгілі болған шайқас қашан және кімдер арасында болды? (Білу -18 балл)
Ж:

**3- сұрақ ҚОЛДАНУ (21 балл) Кестеде тест, сәйкестендіру.
8- сынып Өзбекстан тарихы.
(1 сұраққа бірнеше жауап варианттары сәйкес келуі мүмкін)**

1. Мына әміршілерді олар туралы мәліметтермен сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) Құсайын
Байқара

a) Оның тұсында елінің экономикалық және мәдени өмірі айтарлықтай жақсарды.

b) Мовароуннахрда жаңа өзбек мемлекетіне негіз салған.

2) Захириддин
Мухаммад
Бабыр

c) Оның арманы Әмір Темір патшалығының астанасы Самарқанның тағына отыру еді.

d) Хорасан тағын иелеген.

3) Мухаммад
Шайбанихан

e) Оның басты мақсаты Темурилер салтанатын толығымен жою болған.

f) 1500 жылдың күзінде Самарқанға жорық бастаған.

1)	2)	3)

2. Бұхара хандарын амалға асырған реформаларымен сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) Убайдуллахан

a) Хандықтың экономикасын реттеу және сауданы дамыту мақсатында ақша реформасын жүргізген.

b) Мир Арабқа арнап 1533-1536 жылдары Бұхарада оның атымен атақты медресе салдырған.

2) Абдуллахан II

c) Хандықтың астанасын Самарқаннан Бұхараға көшірген.

d) Әскери салада реформалар жүргізген.

3) Мухаммад Шайбанихан

e) Ақша реформасы бойынша жаңа күміс тенгенің құнын 30-ға, ал ескісін 27 мың теңгеге теңестірген.

f) Реформаға дейін айналыста болған әртүрлі көлемдегі және салмақтағы монеталар бірдей салмаққа ие болды - 5,2 грамм жаңа күміс және мыс монета соғылған.

1)	2)	3)

3. Бұхара хандығындағы мемлекеттік қызметкерлерге жүктелген міндеттерді сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) Девонбегі

a) Мемлекетте әділет өлшемдері орындалуын да бақылап барған.

b) Мемлекеттің қаржы және шаруашылық жұмыстарын басқарған.

2) Парвоначи

c) Мемлекет қауіпсіздігі, әмірдің туыстары, достары мен дұшпандары жайлы мәліметтер жинаған.

d) Орындаушы әкімшілікке басшылық еткен.

3) Дадгах

e) Хан жарлықтарын, ресми құжаттарды жауапты кісілерге, орындаушыларға жеткізуден құралған болатын.

4) Мехтар

f) Түскен арыздарды қабылдаған және оларға жауап қайтарған.

g) Зекет және басқа түсімдердің қажет орындарда қолданылуын бақылайды.

4. Хиуа хандығында қызмет еткен тарихшы ғалымдардың атақты еңбектерін сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) Огахи

а) “Тарихтар таңдауы”

б) „Фирдавс ул-иқбол“ („Жәннат бағы“)

2) Әбілғазы Бахадырхан

с) „Мемлекеттер гулзары“

д) „Шажараи турк және моңғол“

3) Мунис

е) „Мемлекеттің жәннат бағы“

1)	2)	3)

5. Осы билеушілерді олардың саяси әрекеттеріне қатысты мәліметтермен сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) Аллақұлыхан

а) “Шажараи турк” шығармасын жазған

б) Бұқараға қарсы соғыста қаза болған

2) Мұхаммед Рахымхан I

с) Гандимиён келісіміне қол қойған

3) Әбілғазы Бахадырхан

д) Хиуа қаласы төңірегін қорғаныс қабырғасымен қоршалды.

е) Хиуа хандығын саяси тұрғыдан біріктіруге кірісті.

1)	2)	3)

6. Хиуа хандығындағы салықтар мен міндеттемелер туралы мәліметтерді сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21балл)

1) Салғұт

a) Хиуа хандығындағы жер салығы.

2) Зекет

b) 12 күндік міндеттеме болып, ауылдың әрбір отбасынан бір кісіден адам алынған.

3) Барат

c) Соғыс кезінде жергілікті тұрғындардан алынған.

4) Буер

d) Қолөнершілер, сыртқы саудамен шұғылданатын саудагерлер, шаруагерлер төлеген.

e) Хиуа хандығындағы негізгі салық түрі.

f) Жылдың басында-ақ немесе бірнеше жылдық салық алдын өндірілген.

1)	2)	3)	4)

7. Қарақалпақ әдебиетінің тұлғаларын жазған шығармаларымен сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) Жиен Жырау

a) «Керек», «Болады», «Болмаса», «Жақсы жігіттер»

2) Әжінияз

b) «Болған емес», «Өмірім», «Салық», «Ұлыма», «Ақымақ болма»

3) Бердақ

c) «Әй, жігіттер, жігіттер»

4) Күнқожа
Ибраһым

d) «Әжәнияз»

e) «Алпамыс», «Қырққыз»

f) «Орақшылар», «Шопандар», «Елмен бірге»

1)	2)	3)	4)

8. Қоқан хандығындағы билеушілерді олар туралы мәліметтермен сәйкестендіріңіз.
(Қолдану – 21 балл)

1) Нарботаби

a) Ақша соқтыру арқылы ресми өзінің билеушілік беделін бекітіп алды.

2) Әлімхан

b) Өзінен наразы болған ханзадаларды әртүрлі облыс пен аудандар әкімі етіп тағайындады. Осы жолмен алауыздықтың қарсылығын бәсеңдете алды.

3) Омархан

c) Оның дәуірінде Қоқан хандығы Әмір Насрулло тарапынан басып алынған.

4) Мұхаммед
Алихан
(Мадалихан)

d) Оның дәуірінде Осман мемлекеті сұлтаны Қоқан хандығының Бұхара әмірлігінен толық тәуелсіз мемлекет

e) Кедей мен дәруіштерге жер мен шаруа малдарын беріп, оларды еңбекке қатыстырды.

f) Қоқан хандарынан бірінші болып хандықтың фалс деп аиалған өз ақшасын жасатқан.

1)	2)	3)	4)

9. Қоқан хандығындағы мемлекеттік қызметтерге жүктелген міндеттерді сәйкестендіріңіз. (Қо‘llash - 22 ball)

1) Құсбегі

a) Бас уәзір, әскердің Бас қолбасшысы және сыртқы саясат мәселелерінде ханның Бас кеңесшісі болған.

b) Ханның құпия кеңесшісі, арнайы тапсырмаларды орындайтын, қажет кезінде елші ретінде жіберілетін

2) Мырза

с) Хандық девонханасына жетекшілік еткен, сондай-ақ қаржы жұмыстарын басқарған.

3) Мыңбасы

d) Қазына түскен түсімнің есеп-қысабын жүргізген.

4) Девонбегі

e) Өз әскеріне ие бектік әкімі.

f) Хан күзет қызметін басқарған.

1)	2)	3)	4)

10. Қоқан хандығындағы салықтар мен олар туралы мәліметтерді сәйкестендіріңіз.
(Қолдану – 21 балл)

1) Хираж

a) Көшпелі малшылардан мал басына және ірі қараға қарай алынатын зекет.

b) Зекет төлемейтін топтардың бекке беретін 9 бұйымнан құралған сыйларының жиыны болған.

2) Қорабоши

c) Көктем келгенде жаңа шалғындықтарда көшуден алдын отбасы басына біреуден қоймен алынатын салық (zeket).

3) Түтін ақысы

d) Жылдың басында-ақ немесе бірнеше жылдық салық бұрыннан өндірілуі.

4) Жиым салық


e) Негізгі салық болып, оның мөлшері егін егілетін жер алаңы мен егін түріне қарай өнімнің 1/3-1/5 бөлімі болған.

f) Бұл зекет қыста малдар қораларда тұрғанында жинап алынған.

1)	2)	3)	4)


**4- сұрақ ҚОЛДАНУ (21 балл) Картамен жұмыс.
9- сынып Өзбекстан тарихы.**

1. XIX ғасырдың ортасындағы картаға сүйене отырып, Бұхара әмірлігінің территориясы, оның шекаралас елдері, халқы туралы мәлімет беріңіз. (Қолдану – 21 балл)




Жауап: _____

2. XIX ғасырдың ортасындағы картаға сүйене отырып, Хиуа хандығының территориясы, оның шекаралас мемлекеттері, халқы туралы мәлімет беріңіз. (Қолдану – 21 балл)



Жауап _____

3. XIX ғасырдың ортасындағы картаға сүйене отырып, Қоқан хандығының территориясы, оның шекаралас мемлекеттері, халқы туралы мәлімет беріңіз. (Қолдану – 21 балл)




Жауап: _____

4. Төмендегі карта арқылы Ресей империясының Орталық Азияны жаулап алу процесін бірізділікте түсіндіріңіз. (Қолдану – 21 балл)



Жауап: _____

8. Картаға сүйене отырып, берілген жылдарда Ресей империясы тарапынан басып алынған аумақтар туралы мәлімет беріңіз. (Қолдану – 21 балл)



1. 1847-1865- жылдарда

2. 1865-1868- жылдарда

3. 1873-1879-жылдарда

4. 1880-1885- жылдарда

5- сұрақ. ПАЙЫМДАУ (22 балл) 9- сынып Өзбекстан тарихы

1. Ұлт-азаттық қозғалыстардың басталуына не себеп болды, қайткенде мұндай қозғалыстардың алдын алуға болар еді? (Пайымдау – 22 балл)
2. Қалай ойлайсыз, қайткенде «Оба бүлігінің» алды алынған болар еді? (Пайымдау – 22 балл)
3. Сіз қалай ойлайсыз, Әндіжан көтерілісі (Дукчи Эшон) неліктен жеңіліске ұшырады? (Пайымдау – 22 балл)
4. Неліктен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қарақалпақ өлкесінде халық көтерілістері болды? (Пайымдау – 22 балл)
5. Сіздің ойыңызша, Орта Азияда жәдидшілік қозғалысының пайда болуына не себеп болды және олар қандай жағдайда әрекет етуге мәжбүр болды? (Пайымдау – 22 балл)
6. Сіз қалай ойлайсыз, Жыззақ көтерілісі неліктен жеңіліске ұшырады? (Пайымдау – 22 балл)
7. Қалай ойлайсыз, қайткенде Бұхара әмірлігі құламас еді? (Пайымдау – 22 балл)
8. Жас бұхаралықтар қызметінің жағымды және жағымсыз жақтарын талдаңыз. (Пайымдау – 22 балл)
9. Сіздің ойыңызша, Хиуа хандығын қалай сақтап қалуға болар еді? (Пайымдау - 22 балл)
10. Қалай ойлайсыз, Орта Азиядағы мәдени өмірді дамытуда жадидшілердің рөлі қандай болған? (Пайымдау -22 балл)